

Әдебиет пен өнер шығармаларын көпшілік алдында орындағаны, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасағаны және оның өнеркәсіпте пайдаланылғаны үшін авторлық сыйақы ставкалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 9 ақпандағы N 142. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.20. N 1083 қаулысымен

Қаламақы саясатын жетілдіре тұсу, әдебиет пен өнер шығармаларын көпшілік алдында орындағаны ондай шығармаларды тапсырысқа байланысты бітіргені немесе бұрын жарияланбаған шығармаларды көпшілік алдында тұнғыш орындау құқы үшін, сәндік-қонданбалы өнер туындыларын жасағаны және олардың өнеркәсіпте пайдаланылғаны үшін авторлық сыйақы төлеуді ретке келтіру мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Көпшілік алдында орындалған драмалық, музыкалық-драмалық, музыкалық шығармалар, осы шығармаларды бір тілден екінші тілге аударғаны үшін, сондай-ақ концерттік, цирктік, би бағдарламаларын, бейне және магнит таспаларына, күйтабақтарға, бейнетаспаларға, лазерлік табақшаларға жазылған бейнекільдерді, музыкалық және әдеби туындыларды пайдаланғаны үшін 1 қосымшаға сәйкес, авторлық сыйақы ставкасы белгіленсін.

2. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасағаны үшін төленетін авторлық сыйақы ставкасы және оларды өнеркәсіпте пайдаланған кездегі шекті таралым нормасы 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын қызметтік тапсырманы орындау ретінде жасаған авторларға бұл туындыларды жасағаны үшін авторлық сыйақы төленбейді деп белгіленсін.

4. Сәндік-қолданбалы өнер туындылары өнеркәсіпте пайдаланылғаны үшін авторлық сыйақы:

осы бұйымдарды шығаратын кәсіпорындарда немесе ұйымдарда тұрақты жұмыс істемейтін суретші-авторларға туынды жасауға белгіленген сыйақы сомасынан мынадай мөлшерде:

бірінші таралым үшін - 50 процент, екіншісі үшін - 30 процент, үшіншісі үшін - 20 процент, келесі таралымдарға - 10 процент төленеді.

Штаттағы тұрақты жұмыс істейтін, лауазымы бойынша міндеттіне үлгілер жасау кіретін суретші авторларға осы бұйымдардың өнеркәсіпте орындалғаны үшін белгіленген сыйақы сомасынан мынадай мөлшерде:

екінші таралым үшін - 15 процент, үшіншісі үшін - 10 процент, келесі таралымдар үшін - 5 процент төленеді.

5. Әдебиет пен өнер шығармаларын көпшілік алдында орындағаны үшін авторлық сыйақы ставкасын қолдану тәртібі туралы нұсқау бекітілсін.

6. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасағаны және олардың өнеркәсіпте пайдаланылғаны үшін авторлық сыйақы төлеу тәртібі туралы нұсқау бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министр

Қазақстан

Министрлер

1995

ж ы л ф ы

N

1 4 2

N 1 Қосымша

Республикасы

Кабинетінің

9

ақпандазы

қ а у л ы с ы на

Драмалық, музыкалық және музыкалық-драмалық туындылардың, осы көрсетілген туындылардың бір тілден екінші тілге аудармаларының, сондай-ақ концерт, цирк, би бағдарламаларының көпшілік алдында орындалғаны үшін және бейнелік магниттік таспаға жазылған бейнекинодерді, музыкалық және әдеби туындыларды пайдаланғандық үшін авторлық сыйақының

СТАВКАЛАРЫ

Туындының түрі

|Бір туындының немесе бағдарла.
|маның көпшілік алдында орындал.

|ғаны үшін театр, ойын-сауық
|кәсіпорындарымен басқа да кәсіп.

|орындар, мекемелер, ұйымдар
|есептейтін авторлық сыйақы мөл.

|шері - билеттерді сатудан
|алынған жалпы түсім сомасынан,
|кепілді шартпен төленген
|сомадан процент есебімен

| көп актілі | бір актілі
| туындылар | туындылар

Қолтума драмалық туындылар

1.	Қазақстан	Республикасының	авторы	
	қара сөзбен		1 0	4
	өлеңмен	12	6	
2.	Шетелдік	автордың	пьесасы	
	қара сөзбен		6	2
	өлеңмен	8	2,5	
3.	Қазақстан	Республикасының	авторы	
	балалар	үшін, соның ішінде	қуыршақ	
	театрлары	үшін жазған	пьеса	
	қара сөзбен		1 1	4,5
	өлеңмен	13	6,5	
4.	Шетелдік	автордың балалар	үшін, соның	
	ішінде	қуыршақ	театрлары	үшін жазған
			п ь е с а с ы	
	қара сөзбен		8	2,5
	өлеңмен	10	3	
	Инсценировкалар			
5.	Авторлық	хұқығы	қорғалмайтын	
	туындыларды инсценировкалау			
a) Қазақстан	Республикасының		драматургі	
	жасаған пьеса-инсценировка	5	3	
ә) шетелдік	автор	жасаған	пьеса-инсценировкалау	
	ровканың авторына	2	1,5	
6.	Авторлық	хұқығы	қорғалатын	туындыларды
	инсценировкалау			
a) Қазақстан	Республикасының		драматургі	
	жасаған пьеса-инсценировка		8	4,5
		о д а н :		
	туындының авторына		3	1,5
	инсценировканың авторына	5	3	
ә) шетелдік	автор	жасаған	пьеса-инсценировкалау	
	р о в к а		о д а н :	
	туындының авторына		2	1,5
	инсценировка авторына	2	1,5	

Ескерту: Егер инсценировка жасалғанда авторлық хұқығы қорғалатын аударма қолданылса, аудармашыға авторлық сыйақы туындының авторы мен

инсценировкалауышыға есептелген қаламақыдан бөлек, көпшілік алдында орындалған көп актілі инсценировка үшін жиналған ақшадан 1 процент, ал бір актілі туындыға 0,5 процент мөлшерінде есептеледі.

Аударылған драмалық туындылар

7.	Авторлық	хұқығы	қозғалмайтын	пьесаны
	а у д а р у			
	а) Қазақстан	Республикасының	авторы	
	жасаған	пьесаны	аудару	(аудармашыға)
	қара сөзбен		3,5	1,5
	өлеңмен		4	2
	ә) шетелдік	автор	жасаған	пьесаны
	аудару		(аудармашыға)	
	қара сөзбен		3,5	1,5
	өлеңмен	4	2	
8.	Авторлық	хұқығы	қорғалатын	пьесаны
	а у д а р у			
	а) Қазақстан	Республикасының	авторы	
	жасаған	пьесаны	аудару	
	қара сөзбен		5,5	2,5
		о д а н :		
	туындының авторына		2	1
	аудармашыға		3,5	1,5
	өлеңмен		6,5	3,5
		о д а н :		
	туындының авторына		2,5	1,25
	аудармашыға		4	2,25
	ә) шетелдік	автор	жасаған	пьесаны
	қара сөзбен		5	2
		о д а н :		
	туындының авторына		2,5	1
	аудармашыға		2,5	1
	өлеңмен		6	2,5
		о д а н :		
	туындының авторына		3	1,25
	аудармашыға	3	1,25	

Ескерту: Егер пьеса Қазақстан Республикасы халықтарының бірінің тіліне қолтумадан емес, басқа, аралық аудармадан аударылса, аралық аударманың

авторына сыйақы - туындының авторы мен аудармашыға есептелген қаламақыдан бөлек - көп актілі туынды үшін жиналған ақшаға 1 процент, ал бір актіліге - 0,5 процент мөлшерінде есептеледі.

Музыкалық - драмалық туындылар					
9.	Қолтума тілінде орындалған опера		19,5		8
		о д а н :			
	композиторға		12		4,5
	либретто авторына		6		2,5
	хореографқа	1,5	1		
10.	Либреттосы	Қазақстан	Республикасы		
	халықтарының бір тілінен		басқа тілге		
	немесе шет тілден аударылған опера		19,5		8,5
		о д а н :			
	композиторға		12		4,5
	либретто авторына		3		1,5
	либретто аудармашысына		3		1,5
	хореографқа	1,5	1		
11.	Балет		15		7
		о д а н :			
	хореографқа		4		2
	композиторға		9		4
	либретто авторына	2	1		
12.	Қолтума тілінде	орындалған	оперетта,		
	музыкалық комедия		10		4
		о д а н :			
	хореографқа		1		0,5
	композиторға		4,5		1,75
	либретто авторына	4,5	1,75		
13.	Либреттосы	Қазақстан	Республикасы		
	халықтарының бір тілінен		басқа		
	тілдерге аударылған		оперетта,		
	музыкалық комедия, мюзикл		10		4,5
		о д а н :			
	хореографқа		1		0,5
	композиторға		4,5		1,75
	либретто авторына		2		1
	либретто аудармашысына	2,5	1,25		
14.	Драмалық туындыларды		сүйемелдейтін		
	музыка		1,5		0,5

	Концерттік, эстрадалық, цирктік және бағдарламалары	
15.	Симфониялық, вокальдық-симфониялық, камералық туындылардан аспаптарына арналған концерт, хореографиялық концерт	7 (бүкіл бағдарламаға) және ұлт туындылардан
16.	Концерттер, соның ішінде эстрадалық және басқалары, айтыстар мен термелер	3 (бүкіл бағдарламаға)
17.	Цирктік бағдарлама	3 (бүкіл бағдарламаға)
18.	Циркке арнайы жазылған қолтума музыка бүкіл бағдарламаға)	0,5 (осы қосымшаның 17-тармағы бойынша есептелетініне қарамастан,
19.	Цирктік бағдарламада кем дегенде жеке тұратын пантомима, феерия балет орындалғаны үшін әрбір бөлімі үшін)	0,5(осы қосымшаның 17-тармағы бойынша есептелетініне қарамастан,
20.	Цирктік бағдарламада кем дегенде жеке бір бөлімнен тұратын сюжеттік атtraction орындалғаны үшін әрбір бөлімі үшін)	0,25 (осы қосымшаға 17-тармағы бойынша есептелетініне қарамастан,
21.	Кем дегенде жеке бір бөлімнен тұратын пантомима, феерия, балет, сюжетті атtractionды сүйемелдеу үшін арнайы жазылған қолтума музыканың орындалғаны үшін үшін)	0.25 (осы қосымшаның 17-18-19-тармақтары бойынша есептелетініне қарамастан, әрбір бөлімі
22.	Музыкалық туындылардың кинотеатрларда, кафелерде, ресторандарда, казиноларда, сондай-ақ би алаңдарында орындалғаны проценттік шығындарына жатқызылады)	1,5 (тегін кіргенде орындаушылардың жалақысы сомасынан) және дискотекаларда үшін (көрсетілген 1,5 аударым кәсіпорынның
23.	Музыкалық туындылардың кинотеатрларда, кафелерде, ресторандарда, казиноларда, сондай-ақ би алаңдарында және дискотекаларда, соның ішінде механикалық түрлерінде орындалғаны үшін	3 (ақылды кіру кезінде және шарт бойынша кепілдік төлемінің сомасынан) және басқа да жазба

24. Көпшілік ареналарында (стадиондар, спорт сарайлары, с.с), жүргізілетін көрнекті байқаулар музыкамен сүйемелдеу 0,5 (бұкіл бағдарламаға) ипподромдар тағы спорттық жарыстар, мен жәрмеңкелерді
25. Қырышақ-марионеткалар спектаклін (әдеби текстсіз және қолтума жанр 0,5 (жалпы түсім сомасынан) артистерінің орындаудын (иллюзио. нонистердің, психоэкспериментші. лердің, экстрасенстердің тағы с.с) сүйемелдеген музыкасы үшін
26. Желісі түгел сюжеттік эстрадалық ойын-сауықтар, көпшілік ареналарында орындалатындарды қоса 4(бұкіл бағдарламаға)
- Ескерту. 1. Туындыны желісі түгел эстрадалық қойылым жанрына жатқызу Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің құзырында.
2. Оперетталар мен музыкалық комедиялардың драмалық театрлarda орындалғаны үшін авторлық сыйақы музыкалық-драмалық театрлarda орындалатын оперетталар мен музыкалық комедияларға белгіленген мөлшер бойынша төленеді.
27. Көпшілік алдында көрсетілген бейнефильмдер(бейнетаспаға жазып алынған аудиовизуалдық 8*(жалпы түсім сомасын) туындылар үшін)
28. Әдеби және музыкалық туындыларды магниттік таспа, бейнекассета, лазерлік диск арқылы көбейткені үшін, дыбыс пен бейнежазба көшірмелерін, соның ішінде жеке тапсырыстар бойынша, сондай-ақ осындай көшірмелерді жалға бергені үшін 3***(жалпы кіріс сомасынан)

*** - сыйақы мөлшері отандық туынды авторлары мен сабактас хұқық иелері үшін белгіленген, шетелдік авторлар мен сабактас хұқық иелері үшін уақытша сипатқа ие.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 9 ақпандасы
N 142 қаулысымен
Бекітілген

Әдебиет және өнер түйндыларының көшпілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақы мөлшерін қолданудың тәртібі туралы

НҰСҚАУЛЬЫҚ

I. Түйндыны көшпілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақы мөлшерін қолданудың тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 9 ақпандағы N 142 қаулысының 1 қосымшасында қарастырылған мөлшер бойынша, авторлық сыйақы драмалық, музикалық, музикалық-драмалық түйндылардың, концерт, цирк және би бағдарламаларының Қазақстан Республикасы аумағында көшпілік алдында орындалғаны үшін есептелінеді.

Басқа мемлекеттердің аумағында көшпілік алдында орындалғаны үшін есеп айырысқан кезде, авторлық сыйақы Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі мен сол мемлекеттердің авторлық хұқық агенттіктерімен жасалған шарттарға сәйкес, осы аумақтарда қолданылып жүрген мөлшерлер бойынша есептеледі.

2. Түйндылардың көшпілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақы авторларға төленуге тиісті реттерде де, сыйақының бір бөлігі төленуге жатпайтын реттерде де (мәселен концерт, эстрада немесе цирк бағдарламасы авторлық хұқық бойынша қорғалатын және қорғалмайтын түйндылардан құралғанда, авторлар бірігіп жазған біртұтас бөлінбес дүние ретіндегі пьеса авторларының бірінің хұқығы қорғалып, екіншісінікі заңда белгіленген мерзімі өткендіктен қорғалмаған жағдайда, т.с.с.) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 9 ақпандағы N 142 қаулысының 1-қосымшасында көрсетілген толық ставка бойынша есептеледі.

3. Сондай-ақ авторлық хұқықпен қорғалмайтын түйндылардан тұратын барлық музикалық концерттер үшін де авторлық сыйақы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 9 ақпандағы N 142 қаулысының 1 қосымшасында көрсетілген ставкалар бойынша есептеледі.

4. Авторлық хұқықпен қорғалмайтын түйндылар мен мемлекет иелігі болып жарияланған түйндыларға авторлық сыйақының авторларға төлеуге жатпайтын (тек концерттерде орындалатын музикалық түйндылардан басқа) және авторлық хұқығын мемлекет сатып алған түйндылар үшін есептелген сомалар республика бюджетінің кірісіне беріледі.

Есептелген авторлық сыйақының иесін табу мүмкін болмаған жағдайда, ол сома түйндының түріне қарай, Қазақстан Республикасының тиісті қорларына

а у д а р ы л а д ы .

5. Тұгелдей мемлекет игілігі болып жарияланған туындылардан, сондай-ақ авторлық хұқығын мемлекет сатып алған туындылардан жасалған концерттер үшін авторлық сыйақы есептелінбейді.

Мұндай концерттерден шығармашылық одактардың тиісті қорлары есебіне аудару, жалпы түсім сомасынан немесе спектакль не концерт үшін шарт бойынша алынған сомадан Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Әдебиет, Журналистика, Музыка, Сурет және Сәулет қорлары туралы" 1992 жылғы 8 қазанды N 843 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Авторлық хұқығын мемлекет сатып алған драматургиялық және музыкалық-драматургиялық туындыларды, сонымен қатар авторлық хұқықпен қорғалмайтын драматургиялық және музыкалық-драматургиялық туындыларды (пьеса, опера, оперетта, балеттерді) көпшілік алдында орындағандығы үшін сыйақы есептелінбейді.

Мемлекет игілігі деп жарияланған драматургиялық туындылар (пьеса) үшін де авторлық сыйақы есептелінбейді.

6. Операның, балеттің немесе опереттаның музыкасы авторлық хұқықпен қорғалатынына немесе қорғалмайтынына қарамастан, бұл туындыға авторлық сыйақы есептеледі, ал либреттосына тек авторлық хұқықпен қорғалатын жағдайдағанда авторлық сыйақы есептеледі.

7. Авторлық сыйақыны есептеген кезде авторлық хұқығы қорғалмайтын туындылардың қатарына мынадар жатқызылуға тиіс:

- а) халық шығармашылығының авторы белгісіз туындылары;
- ә) мұрагерлері жоқ немесе заңмен белгіленген мерзімі біткендіктен авторлық хұқығы күшін жойған марқұм авторлардың туындылары;
- б) шет мемлекеттер азаматтарының алғаш Қазақстан Республикасы аумағында жарияланған немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық келісімдерге сәйкес қорғалатын шығармалардан басқа туындылары.

8. Концерт, эстрада және цирк бағдарламалары үшін авторлық сыйақы, ол музика би аландарында механикалық жазба түрінде ойналғанына, яки артистер орындағанына әрі онда кіру тегін болғанына қарамастан есептеледі (осы Нұсқаулықтың 30-тармағының "б" тармақшасы).

9. Әдетте, кемі екі актілі туындылар көп актілі драмалық және музыкалық-драмалық туындылар болып саналады. Актісінің саны көрсетілмеген туынды Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің тұжырымы бойынша көп актілі деп танылуы мүмкін.

10. Егер сахнадан айтылатын текстің кемінде жартысы өлең түрінде (

ұйқаспен, ақ немесе еркін өлеңмен) болса, туынды өлеңмен жазылған деп та на ла ды .

11. Туындыдағы актінің саны мен өлең тексінің көлемі туындының көшілік алдында орындалуына рұқсат етілгенін күәландыратын данасы бойынша анықталады .

12. Егер спектакльге бірнеше бір актілі туындылар енгізілсе, сыйақы әрбір туынды үшін соған белгіленген ставка бойынша жеке-жеке есептеледі.

Егер спектакльге бір актілі және көп актілі туындылар енгізілсе, сыйақы бір актілі туынды үшін - соған белгіленген ставка бойынша, ал көп актілі туынды үшін сондай туындыларға арнап көзделген ставканың үштен екінші негізінде есептеледі .

Егер бір актілі туынды концерт бағдарламасында орындалса, бұл туынды үшін сыйақы соған белгіленген ставка бойынша және тиісті концерт бағдарламасы үшін көзделген ставка қоса есептеледі.

Егер спектакльге екі көп актілі туынды енгізілсе, сыйақы әр туынды үшін тиісті көп актілі туындыларға көзделген ставканың үштен екінші негізінде есептеледі .

Егер көп актілі туынды концерт бағдарламасында орындалса, бұл туынды үшін сыйақыға белгіленген ставканың үштен екінші негізге алынып есептеледі және тиісті концерт бағдарламасы үшін көзделген мөлшер қоса есептеледі.

13.Балаларға арналған пьесалар, соның ішінде қызыршақ театрлары үшін авторлық сыйақының арнаулы мөлшерлері аталған пьесалардың қай жерде орындалғанына қарамастан қолданылады.

14. Қазақстан Республикасының драматургтері жазған туындылар үшін авторлық сыйақының арнаулы ставкалары оның бірінші рет түпнұсқада немесе аудармада қай тілде жарияланғанына қарамастан, туынды қолтума күйінде орындалған жағдайда қолданылады.

15. Пьеса-инсценировкаларға бөгде туындылардың, соның ішінде халық шығармашылығы туындыларының желісі бойынша жазылған пьесалар да ж а т а д ы .

Халық ертегілерінің сарыны бойынша балаларға арнап жазылған пьесалар қолтума туындыларға теңестіріледі.

Авторлық хұқықпен қорғалмайтын әдеби ертегілер желісі бойынша балаларға арнап жазылған пьесалар тек Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қорытындысы бойынша ғана қолтума туындыларға теңестіріледі.

Өз туындыларының желісі бойынша жазылған пьесалар, егер инсценировка қосар авторсыз жасалса, қолтума туындыларға теңестіріледі.

16. Қазақстан Республикасының драматургі жазған пьеса-инсценировка үшін, 1-қосымшаның 5 және 6 тармақтарының "а" тармақшаларында көзделген

авторлық сыйақының мөлшерлері, инсценировкаланған туындының қай тілде жазылғанына қарамастан, барлық жағдайда қолданылады.

17. Егер автор туындыны екі немесе бірнеше тілде жазып, қай текстінің қолтума, ал қайсысының аударма екенін ескертпесе, онда ол осы тілдердің әрқайсысында қолтума болып танылады.

18. Шағын көлемді шығарма көпшілік алдында орындалған кезде аудармашы үшін белгіленген қаламақы сомасы аралық аудармашы мен соңғы аудармашының екеуіне тепе-тен бөлінеді.

19. Авторлық хұқығы қорғалатын инсценировка-пьесаның аудармасы үшін авторлық сыйақы қолтума туындылардың аудармасына арнап белгіленген мөлшер бойынша есептеледі. Мұндай реттерде аударылған туындының авторына есептелген сыйақының сомасы инсценировкаланған туындының авторы мен инсценировка авторына әлгі инсценировка қолтума күйінде орындалғанда оларға сыйақы қалай төленетін болса, солай бөлінеді.

Егер инсценировкаланған туынды авторлық хұқықпен қорғалмайтын болса, инсценировкаланған туынды авторының қаламақысының үлесі қорғалатын туындыда анықталады және сыйақының осы бөлігін құрайтын сомасы республика бюджетіне аударылады.

20. Музыкалық-драмалық туындылардың орындалғаны үшін осы қаулының 1 қосымшасының 9-13 тармақтарында көзделген авторлық сыйақының мөлшері, сондай-ақ олар концерт түрінде орындалған реттерде де қолданылады.

21. Егер операның, балеттің немесе опереттаның либреттосы авторлық хұқығы қорғалатын басқа әдеби туындының негізінде жазылса, бұл туындының авторына сыйақы мынадай мөлшерде төленеді:

операның немесе балеттің орындалғаны үшін либретто авторына белгіленген сыйақы мөлшерінің $\frac{1}{4}$ бөлігі және опереттаның орындалғаны үшін - $\frac{1}{3}$ бөлігі. Егер либреттоға негіз болған туынды авторлық хұқықпен қорғалмайтын болса, сыйақының бұл туынды авторына тиесілі үлесі республикалық бюджетке беріледі.

22. Музыкасын шет ел композиторлары жазған либреттолардың варианттары мен оперетталардың музыкалық комедиялар мен мюзиклдердің жаңа текstemелері аударламаларға теңестіріледі (осы қаулыға 1 қосымшаның 13-таратмағы).

23. Драмалық спектакльдерге жазылған музыка үшін төленетін сыйақы ондағы музыкалық нөмірлердің санына, сондай-ақ ол музыканы артистердің орындағанына немесе оның механикалық жазба түрінде пайдаланылғанына қарамастан, көп актілі спектакльдерге 1,5 процент, ал бір актілі туындыларға 0,5 процент мөлшерінде есептеледі.

24. Егер концерт бағдарламасында эстрадалық туындылармен қатар бір ғана

ірі симфониялық (симфония, оратория, кантата, симфониялық поэма, увертюра, оркестр орындастын аспаптық концерт және с.с.) не ірі көлемді камералық туынды (трио, квартет, квинтет, соната) немесе халық аспаптарына арналған көп актілі туындылар немесе хореографиялық концерт бағдарламасы орындалғаның езінде авторлық сыйақы сатылған билеттерден түскен жалпы соманың 7 проценті мөлшерінде есептеледі.

Құрамына симфониялық, вокальдық-симфониялық және шағын көлемді камералық туындылар, басқа да (әдеби, эстрадалық және басқа) туындылар енетін құрама концерт бағдарламасы орындалған жағдайлардың бәрінде авторлық сыйақы жалпы түсім сомасының 3 проценті мөлшерінде есептеледі.

Көркемөнерпаздардың қүшімен орындалатын ақылы концерттерге, әдеби және тақырыптық кештерге, жастар кештеріне, тағы с.с. осы мөлшерде сыйақы төлеңеді.

25. Жаңа жылдық шырша ойын-сауығы, оның ішінде циркке арналып жазылғандары да эстрада концерттерінің қатарына жатқызылады.

Егер жаңа жылдық шырша ойын-сауығы бағдарламасына драмалық немесе музыкалық-драмалық туынды енгізілсе, мұндай туынды үшін авторлық сыйақы осы қаулының 1 қосымшасында драмалық және музыкалық-драмалық туындылар үшін көзделген мөлшер бойынша және осы Нұсқаулықтың 12-тармағында баяндалған ережелерді сақтай отырып есептеледі.

Егер Жаңа жылдық шырша ойын-сауығына арналған билеттердің құнына сыйлықтардың құны енгізілсе, сыйақыны есептеген кезде билеттерді сатудан түскен жалпы сомадан сыйлықтардың құны шығарылып тасталады.

26. Кіру ақысы бірдей болған жағдайда концерт пен биден құралған бағдарлама үшін авторлық сыйақы, эстрада концертіндегідей - түскен жалпы соманың 3 проценті мөлшерінде есептеледі.

27. Көпшілік ареналарында (стадиондар, спорт сарайлары, имподромдар, тағы с.с.) өткізілетін спорттық жарыстар мен шебер өнерпаздар өнерін және жәрменкелерді сүйемелдеген музыка үшін авторлық сыйақы осы қаулының 1 қосымшасының 24-тармағында белгіленген мөлшер бойынша есептеледі. Егер көпшілік аренасында эстрадалық, цирк ойын-сауығы мен концерттер, драмалық немесе музыкалық-драмалық туынды орындалса, ол үшін авторлық сыйақы осы қаулының 1 қосымшасындағы концерттерге, драмалық және музыкалық-драмалық туындыларға, сондай-ақ цирктік қойылымдарға белгіленген мөлшер бойынша есептеледі.

Ескерту. Көпшілік ареналары деп - стадиондар, спорт сарайлары, ипподромдар, 3000-нан астам орны бар ашық және жабық алаңшалар саналады. Көрерменге арналған орын саны белгісіз алаңшалар (парк және т.б.) егер онда өткен ойынға яки бағдарламаға 3000-нан астам билет сатылған болса, көпшілік

аренасына

төңестіріледі.

Билет сатпай жәрмеңке өткізген жағдайда, авторлық сыйақы занды ұйымдардың қатысқаны үшін төленген міндettі ақысы мен сол жәрменкеде жасалған келісімнен түскен сомадан аударылады.

II. Туындылардың көпшілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақыны есептеу мен өндіріп алу тәртібі

28. Туындылардың көпшілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақы төлеушілер қатарына - ойын-сауық бағдарламасының кәсіби өнер иелерінің немесе көркемөнерпаздардың күшімен атқарылуына қарамастан, олардың көпшілік алдында орындалуын жүзеге асыратын мынадай ұйымдар жатады: театрлар, концерт және цирк бірлестіктері мен ұжымдары, филармониялар, концерт-эстрада бюоролары, цирктер, клубтар, мәдениет үйлері мен сарайлары, офицерлер үйлері, кафелер, санаторийлер, асханалар, думанханалар, казинолар, парктер, стадиондар, демалыс үйлері, әуесқой көркемөнерпаздар театrlары, колхоздар, совхоздар, жастар ұйымдары, дискотека өткізуге арналған орындар, спорт қоғамдары, кітапханалар, тәжірибе стансалары, өрт сөндіру қоғамдары, тұтыну қоғамдары, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындар, жолаушы таситын көлік кәсіпорындары, жеке іс-қызметпен айналысады атқаратындар, орман өнеркәсібі шаруашылықтары, тағы с.с.

Авторлық сыйақы төлеуге барлық мемлекеттік, коммерциялық, акционерлік, жалгерлік, кәсіподактық, кооперативтік, жеке меншіктік және қоғамдық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер атауы мен меншік түріне қарамай міндettі, әрі ол бүкіл спектакльдер, концерттер, әдебиеттік, музикалық, музикалық-драмалық, вокалдық, хореографиялық ойын-сауықтар, эстрада және цирктік бағдарламалар үшін, сондай-ақ көпшілік алдында орындаудың барлық басқа да түрлері және коммерциялық мақсатпен көрсетілген бейнефильмдер, магниттік таспаға немесе бейнетаспаларға жазылған шығармалардың әдеби және музика туындыларының лазер табағына көбейтілгені үшін өндіріп алынады.

29. Туындылардың көпшілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақы оның ақыллы яки тегін өткізілгеніне қарамастан, барлық жағдайда есептеледі, ал мына реттерде төленбейді:

а) көпшілік алдында орындау көрермендер үшін тегін әрі орындаушыларға немесе орындаушылар ұжымына ешқандай сыйақы төленбей жүзеге асырғылғанда;

ә) халық тегін кіріп әрі туындыларды көпшілік алдында клубтардың, мәдениет үйлері мен сарайларының, т.с.с. штаттағы жекелеген қызметкерлері (баяншылар, сауықшылар және басқалар) орындағанда.

30. Тұындылардың көпшілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақы процент есебімен белгіленген мынадай мөлшерде есептеледі:

а) жалпы тұсім сомасынан - билеттерді сатудан алынған ақша сыйақы төлеушінің кассасына тұскен реттерде;

ә) кепілді төлем сомасынан - сыйақы төлеуші артистердің ойын-сауығы үшін кепілді төлем тапсырыс берушімен шарт жасаса отырып, ойын-сауықты басқа ұйымның (тапсырыс берушінің) алаңында көрсеткен реттерде. Мұндай жағдайда шарт бойынша кепілді төлемнің сомасы жалпы тұсім сомасына теңестіріледі;

б) орындаушыларға есептелген сыйақының (жалақының) сомасынан (1,5 процент) сыйақы төлеуші көрермендерден кіру ақысын төлеттірмейтін реттерде. Бұл аударымдар аталған кәсіпорындардың шығындарына жатқызылады.

Ескерту. Ойын көрсететін ұжым атынан әрекет жасайтын ұйым тапсырыс берушімен (алаң иесімен) жасасқан шарт бойынша спектакль немесе концерт үшін кепілді төлемнің сомасын есептеген кезде, көрсетілетін ойын-сауықтың тікелей құнымен және соған байланысты шығындармен қатар, авторлық сыйақы мен Әдебиет және Музыка қорларына, Қазақстан Республикасының басқа қорларына жасалатын аударымдарды да ескеруге міндетті.

31. Әдеби және музыкалық тұындыларды бейнетаспаға, магнит таспасына немесе табағына жазып көбейтуге рұқсаты (патенті) бар және мұндай жазбаларды жалға беретін жеке кәсіпкерлер Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі арқылы патент ақысының такасы белгіленген сомадан 3 процент мөлшерінде авторлық сыйақы төлейді.

32. Барлық кәсіби театрлар, концерттік ұйымдардың жүйесіне енбейтін дербес орындаушы ұжымдар және тұрақты цирктер өз репертуарындағы спектакльдердің, концерттер мен ойын-сауықтардың тұрақты орындардағы сияқты басқа ұйымдарға қарасты аландарда да көпшілік алдында орындалғаны үшін, авторлық сыйақыны, көшпелі театрлар мен қуыршақ театрлары, орындаушы ұжымдар жергілікті филармониямен және концерт-эстрада бюrolарымен шарт жасасу арқылы ойын-сауық көрсететінінен басқа реттерде (мұндай жағдайда сыйақыны ойын-сауық көрсетуді ұйымдастыруши филармониялар мен концерт-эстрада бюrolары төлейді), өздерінің базалары тұрған жерде орталықтандырылған тәртіппен төлейді.

33. Филармониялар мен концерт-эстрада бюrolары, кооперативтер өз солистерінің, ұжымдарының және бригадаларының күшімен сондай-ақ басқа ұйымдардың қарамағындағы, бірақ филармониямен немесе концерт-эстрада бюросымен жасасқан шарттар бойынша өнер көрсететін көшпелі театрлар мен қуыршақ театрларының, көшпелі цирктердің, концерт және цирк топтарының, солистердің, бригадалар мен ансамбльдердің күшімен тұындылардың көпшілік

алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақыны өзінің тұрған жерінде орталықтандырылған тәртіппен төлейді. Егер филармонияның (концерт-эстрада бюросының) ұжымы немесе бригадасы басқа филармониямен (концерт-эстрада бюросымен) жасасқан шарт бойынша ойын көрсетсе, шартқа орай ойын-сауық көрсетуші концерт ұйымы авторлық сыйақыны төлеуші болып табылады.

34. Клубтар, мәдениет үйлері мен сарайлар, офицерлер үйлері, парктер, бақтар және с.с. өз алаңдарында өздерінің орындаушы кәсіби ұжымдарының, әскери бөлімдердің орындаушы ұжымдарының және еңбек келісімдері бойынша шақырылған орындаушылардың күшімен көпшілік алдында орындалған туындылар үшін авторлық сыйақы төлейді.

Егер клубта, мәдениет үйінде немесе сарайында және с.с. туындылар көркемөнерпаздар ұжымдарының немесе шақырылған кәсіби орындаушы ұжымдардың (театрлардан, дербес орындаушы ұжымдардан, тұрақты цирктерден, сондай-ақ филармониялар мен концерт-эстрада бюrolарының бригадаларынан басқа) күшімен орындалса, авторлық сыйақыны билет сатудан алған ақша өз кассасына келіп түсетін ретте клуб, мәдениет үйі немесе сарайы және с.с. төлейді. Көрермендер тегін кіргенде авторлық сыйақының қарамағында орындаушы ұжым тұратын ұйым жасасқан шарт бойынша өзі алған кепілді ақының сомасынан төлейді.

35. Филармониямен немесе концерт-эстрада бюросымен жасасқан шарттар бойынша ойын көрсеткеннен басқа реттерде көшпелі цирктер авторлық сыйақыны ойын көрсеткен жерде өздігінше төлейді.

36. Көпшілік ареналарында өткізілетін театрландырылған, эстрадалық, цирк ойын-сауықтары мен концерттер үшін авторлық сыйақыны билет сатудан алған ақша кассасына түскен ұйым төлейді.

37. Кіргені үшін жеке ақы төлеттірілмейтін алаңдарда (спектакльге дейін немесе одан кейін немесе үзілістер кезінде театрлардың фойесінде, кинотеатрлардың фойесінде, кафелер мен думанханаларда, парктегі, бақтар мен стадиондардағы және с.с. ашық алаңдарда) көпшілік алдында орындалған туындылар үшін авторлық сыйақы, егер оны алаң әкімшілігі тікелей орындаушыларға төлейтін болса, орындаушыларға төленетін сыйақы сомасынан, немесе алаң әкімшілігі мен орындаушыларды берген ұйым арасында жасалған шартта көрсетілген сомадан есептеледі. Соңғы ретте авторлық сыйақыны орындауши ұжымды берген ұйым төлейді.

38. Авторлық сыйақыны төлеушілердің бәрі орындалған туындылардың дәл есебін жүргізуге және накты орындалған туындылардың атауы, олардың авторларының (соның ішінде музыканың, текс пен аударма авторларының) фамилиялары мен аты-жөні туралы, сондай-ақ алымның сомасы (ақы алып кіргізгенде), жасасқан шарттар бойынша кепілді төлем сомалары және

орындаушыларға есептелген (тегін кіргізгенде) сыйақы (жалақы) сомасы туралы мәліметтерді белгіленген нысан бойынша Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің уәкілдеріне олардың ілкі талап етуі бойынша ұсынуға міндетті. Авторлық сыйақы бойынша есеп айырысуға және Әдебиет, Музыка қорларына жасалған аударымдарға байланысты барлық құжаттарды қарап шығу үшін табыс етуге тиіс. Ойын-сауық көрсететін кәсіпорындардың басшылары Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі агенттігінің өкіліне орын берे отырып, соңғы даярлық жүріп жатқан және туынды көпшілік алдында орындалып жатқан кезде көрермендер залы мен аланға еркін әрі кіру хұқығын қамтамасыз етуге міндетті.

Мәліметтерді кезінде табыс етуге, олардың дұрыстығы мен толымдылығы үшін төлеуші үйымның басшысы, сондай-ақ қошпелі орындаушы ұжымдардың басшылары мен әкімдері жауап береді.

39. Жарнамалар мен бағдарламаларда туындылардың атауы, текст, аударма, музыка авторларының фамилиясы, аты-жөні және актілер саны өздерінің тұрақты топтары орындағандағандағанда емес, сонымен қатар бұлардың аландарында гастрольдік және бригадалық орындаушылар ойын-сауық көрсеткен кезде де дәл көрсетілуін қатаң қадағалау жауапкершілігі ойын-сауық кәсіпорындарының б а с ш ы л а р ы н а ж ү к т е л е д і .

40. Төлеушілер авторлық сыйақының төленуге тиіс сомаларының есеп-қисабын ҚазМАСХА уәкілінің тексеруіне табыс етуге міндетті, бұдан кейін үш данадан біржола ресімделген есеп айырысу параптаратына төлеуші үйымның басшылары қолдарын қойып, мөрлерімен куәландырады. Есеп айырысу парагының бір данасы төлеушіде қалады, екі данасы ҚазМАСХА-ның уәкіліне беріледі. Концерт және басқадай құрама бағдарламада орындалған туындылар мен олардың авторлары туралы мәліметтер шағын рапорт (орындау бағдарламасы) түрінде табыс етілген реттерде, оған орындалатын бағдарлама үшін жауапты адам қол қойып, төлеушінің мөрі басылады да, ҚазМАСХА уәкіліне есеп айырысу парагынан кешіктірмей береді.

41. Төлеуші өзі есеп айырысу қағазына қол қойған уақыттан бастап он күн мерзім ішінде онда көрсетілген авторлық сыйақының сомасын Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтары жөніндегі мемлекеттік агенттігінің ағымдағы есепшотына аударуға міндетті. Егер ойын-сауық кәсіпорны, кооператив немесе кез-келген басқа үйым ҚазМАСХА-ның уәкіліне есеп айырысу парагымен бірге белгіленген тәртіп бойынша тіркелген концерт бағдарламасын, дискотека бағдарламасын, әрқайсысының кірісін жеке-жеке көрсетілген фильмдер тізімін яки магнит таспасына, күйтабақшага, бейнетаспаға, лазер табақшасына жазылған бағдарламаларды бермесе, онда авторлар туындыларын пайдаланғаны үшін авторлық сыйақы және шығармашылық

одақтардың қорына аударымдар мынадай мөлшерде жасалады (процент есебімен) :

концерт (кезкелген) үшін	14
бейне фильмдер үшін	16
туындылардың магнит таспасына,	
күйтабақшаға бейнебаспаға жазылғаны үшін 12	

Бұл тәртіп филармониямен, кооперативпен, жеке меншік кәсіпорынмен немесе басқа үйиммен шарт жасасқан гастрольдік ұжымдарға да қатысты, Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі (ҚазМАСХА) бұл сомаларды (комиссиялық аударымдарды шығарып тастап) республика бюджетінің табысына аударады.

III. Туындылардың көпшілік алдында орындалғаны үшін авторларға авторлық сыйақы төлеудің тәртібі

42. Туындылардың көпшілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақы Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі арқылы төленеді.

43. Авторлық сыйақы белгіленген тәртіп бойынша орындалуға рұқсат етілген және авторлары тіркелген туындылардың ғана көпшілік алдында орындалғаны үшін төленеді.

44. Әртүрлі авторлардың бірнеше туындыларынан жасалған концерт, цирк және басқа бағдарламалар, үнжазба мен бейнежазба үшін сыйақыны авторларға бөліп беруі Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі белгілеген тәртіп бойынша асырады.

45. Егер авторлық хұқықпен қорғалмайтын драмалық немесе музыкалық туындыны (халық шығармашылығы туындыларынан басқасын), мемлекет игілігі деп жарияланған туындыны, сондай-ақ авторлық хұқығын мемлекет сатып алған туындыны басқа біреу қайта өндесе (қайта жөндесе, толықтырса), қайта өндөлген мұндай туындының орындалғаны үшін авторлық сыйақы, қайта өндеген авторға Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің туындыны қайта өндеуге арнайы рұқсаты болғанда ғана және осы Министрлік белгілейтін мөлшерде төленеді.

46. Қосар авторлары жасаған туындылардың көпшілік алдында орындалғаны үшін авторлық сыйақы ол авторларға өздерінің келісімі бойынша бөліп беріледі.

Мұндай келісім болмаған жағдайда дербес бөлімдерден құралған туындылар (опера, балет, оперетта) орындалғанда, авторларға сыйақы осы қаулының 1 қосымшасында белгіленген тәртіппен, ал бөлінбейтін тұтас шығарма (пьеса, либретто, операның музыкасы және басқалар) орындалғанда, егер Қазақстан

Республикасының заңдарында басқаша белгіленбесе, тепе-тең бөлініп төленеді.

47. Инсценировкаланған туындының авторы мен инсценировканы жасаушының арасында сыйақының үлесін осы қаулының 1 қосымшасында белгіленгендеғіге қарағанда басқаша (бірақ тұтас алғанда инсценировка үшін белгіленген норманың шегінде) бөлу туралы келісім инсценировкалауши драмалық туындыны жасау кезінде инсценировкаланатын туындыдан едәуір алшақтап кеткен ретте ғана оның үлесін көбейту үшін жасалуы мүмкін.

Аударылатын туындының авторы мен аудармашының арасында авторлық сыйақының осы қаулының 1 қосымшасында белгіленгендеғіден өзгеше бөлісу туралы келісім жасалуы мүмкін, бірақ ол жағдайда сыйақы бүкіл аудармаға белгіленген шамадан аспауға тиіс.

48. Театрдағы, цирктеңі, концерт ұйымындағы немесе орындаушы ұжымдағы режиссерлік-қойымдылық жұмысты немесе репертуар құрауды шешетін лауазымды адамдарға (директор, режиссер, музика бөлімінің меңгерушісі, ансамбль жетекшісі және с.с.) олардың өздерінің, сондай-ақ қосар автор болып бірлесіп жазылған туындылары өздері қызмет істейтін ұйымдарда орындалғаны үшін авторлық сыйақы жоғары тұрган органдардың бұл орындауға алдын ала жазбаша рұқсат алынған ретте ғана төленеді.

49. Осы Нұсқаулық (4, 19, 21-тармақтары) бойынша республика бюджетінің кірісіне берілуге тиісті сыйақы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес аударылады.

IV. Қазақстан Республикасы шығармашылық ұжымдарының шетелдік гастрольдер кезінде көпшілік алдында орындаған туындылары үшін авторлық сыйақы төлеу

50. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қарамағындағы шығармашылық ұжымдарының шет елдерге гастролі жайындағы барлық шарттарды Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі немесе тікелей мәдениет мекемелері жасайды және Мәдениет министрлігінде тіркеліп, министрдің тиісті орынбасары бекітеді.

Шартта гастрольдің бағдарламасына енгізілген туындылардың авторларына төленетін қаламақының шарты, валютаның түрі және төлеу тәртібі міндettі түрде көрсетілуге тиіс.

51. Театр, филармония немесе басқа мәдениет мекемесінің бастығы ұжымды шет елге гастрольге іссапарға жіберерден бір ай бұрын Қазақстан Республикасы Мәдениет министрі орынбасарының қолы қойылып, мөрі басылған екі дана бағдарламаны (репертуарды), сондай-ақ әр елде өтетін ойын-сауық графигін (күні, қаласы) Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар

жөніндегі мемлекеттік агенттігіне табыс етуге міндетті.

52. Жарияланбаған музыкалық, музыкалық-драмалық және хореографиялық туындыларды шетелдік гастрольдің бағдарламасына енгізуден бұрын оларды көпшілік алдында тұңғыш рет орындалу хүқығы туралы жазбаша түрдегі шарт негізінде сатып алу керек.

Егер гастроль барысында бағдарламаға авторлардан сатып алынбаған туындылар енгізіліп орындалса, мұндай туындыларды репертуарға енгізген кәсіпорын, мекеме қолданылып жүрген заңдарда белгіленген мөлшерде авторға тиісті елдің валютасымен сыйақы төлеуге міндетті.

53. Автор өз шығармаларын сахнаға қойдыруға немесе басып шығаруға шет ел театрларымен, баспаларымен және с.с. өз бетінше тікелей шарт жасасуға хүқықты. Мұндай жағдайда автор сыйақыны қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен алады.

V. Драмалық, музыкалық, музыкалық-драмалық және әдеби туындыларды жасауға арналған тапсырысты орындағаны үшін авторлық сыйақы ставкасын қолдану тәртібі

54. Авторлық сыйақы драмалық, музыкалық, музыкалық-драмалық және әдеби туындыларды көпшілік алдында орындау үшін жасалған шарттар бойынша, сондай-ақ жарияланбаған драмалық, музыкалық, музыкалық-драмалық және әдеби туындыларды көпшілік алдында тұңғыш рет орындау (қою) туралы Қазақстан Республикасында жасалған шарттар бойынша төленеді.

55. Авторлық сыйақының ставкасы туындының идеялық-көркемдік құндылығына, оның көлемі мен жұмыстың күрделілігіне қарай, автормен жасасқан шарт бойынша белгіленеді. Ставканы қолдану автормен шарт жасасатын үйымның кімге бағынатынына байланысты емес.

56. Туындыны көпшілік алдында орындау үшін жасалған шарттың болуы бұл шығарма жазылып болған соң, автордың оны баспаға тапсырып, шарт жасасуына және басылып шыққаннан кейін белгіленген ставка бойынша қаламақы алуына к е д е р г і к е л т і р м е й д і .

Туындыға арналған баспа шартының болуы, егер туынды аяқталып, бірақ әлі жарияланбаған болса, онда авторлық сыйақы төлей отырып, бұл туындыны көпшілік алдында орындау туралы автордың шарт жасасуына кедергі келтірмейді. Алайда мұндай шарт жасасқан кезде автор өзінің баспамен жасасқан жазбаша шартының бар екені және аяқталған қолжазбаны баспаға тапсырған мерзімі туралы екінші жаққа жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Егер автор мұндай мәлімдеме жасамаса және оны қою жөнінде заңмен немесе шартпен белгіленген мерзім өткенге дейін кітап жарыққа шығып кетсе, онда туындыны

көпшілік алдында орындау туралы автормен шарт жасасқан үйім автор алған авторлық сыйақы сомаларының қайтарылуын одан талап етуге хұқықты.

57. Жарияланбаған туындыны қайта жөндеу туралы белгілі бір театрдың талабына сәйкес жасасқан шарт бойынша авторлық сыйақы төлеуге жол берілмейді. Театр мұндай шарт бойынша болашақ проценттік аударым есебіне, театрдың спектакльден алатын орташа жылдық түсімі бойынша есептеп, 5 спектакль үшін төлейтін сыйақы мөлшерінде авторға несие ғана бере алады. Егер театр спектакльді қоюдан бас тартса, бұл несиені автор қайтармайды. Сондай-ақ басылып шықпаған, бірақ біржолғы сыйақы төленген туындыны театр сол қалада бірінші рет қою хұқын өзінен тән етіп бекіткісі келген ретте, сол туындыны қою туралы шарт жасасып, проценттік аударым есебіне авторға жоғарыда аталған тәртіппен несие беруге болады.

58. Автор өзінің жарияланған туындысының түбегейлі қайта өндеген ретте авторға тиісінше Қазақстан Республикасы Композиторлар одағының, Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының қорытындысы бойынша және осы қорытындыны Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің міндетті түрде бекітуімен авторлық сыйақының 75 процентіне дейінгі қайталап төлеуге жол беріледі.

59. Көкейkestі саяси тақырыптарға арнап эстрада мен цирк үшін жазылып жарияланған туындыларды қайта өндеу қажет болған ретте шарт бойынша авторлық сыйақының тиісті ставкасының 50 процентіне дейін төлеуге болады.

60. Эстрада мен циркке арналған туындылар үшін авторлық сыйақы ставкаларын қолданғанда мыналар есепке алынуға тиіс:

а) көлемі 6 жол одан көп шумақтарға, шумақтың көлеміне қарамастан, төрт жолдық екі шумақ ретінде төленеді;

ә) қысқа диалог (интермедия) үшін көзделген ставкалар нөмірді байланыстыруши немесе оған кіріспелік сипаты интермедияларға, сондай-ақ жергілікті тақырыптарға арнап жазылған интермедияларға қолданылады;

б) жекелеген реприз үшін көзделген ставкалар клоундарға, сайқымазақтар мен конферансъелерге арнап жазылған реприздерге қолданылады.

61. Жарияланбаған туындыны көпшілік алдында орындау (қойылымдылық) туралы автормен шарт жасасқан және авторға сыйақы төлеген мекеме немесе үйім өздері қабылдап алған туындыны көпшілік алдында кеңінен орындау үшін ез қарамағындағы ұйымдарға беруге, оны радио мен телевизия арқылы орыннатуға, сондай-ақ қою хұқығы үшін авторға нендей бір қосымша сыйақы төлеместен, оны көбейту және тарату үшін Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігіне жіберуге хұқықты. Мұндай шығармалардың көпшілік алдында орындалғаны үшін авторға берілетін сыйақы сакталады.

62. Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі театрларды репертуар жаңалықтарымен жабдықтау мақсатында авторлармен келісе отырып, драмалық және эстрадалық туындыларды қолжазба түрінде көбейтуі, олардың жарыққа шығарылуы Қазақстан Республикасының зандарында көзделген ретінде қаралмайды.

Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі көбейткен туындыны қоюды бірінші болып жүзеге асырған үйим, егер бұл туындыға бұрын авторлық сыйақы төленбеген болса, оның авторына сыйақы төлеуге міндettі.

63. Драмалық, музикалық, музикалық-драмалық және әдеби туындылардың авторлары тапсырмамен туынды жасау үшін тек бір ғана мекемемен (үйыммен) шарт жасасуға және сол туындысы үшін авторлық сыйақыны да бір-ақ рет бір мекемеден алуда хұқығы бар.

64. Туындыларды жасауға арналған тапсырыстың орындалғаны үшін авторлық сыйақы авторлардың мұрагерлеріне Қазақстан Республикасының авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі арқылы белгіленген тәртіп бойынша төленеді.

65. Белгілі бір театрдағы, цирктеңі, концерт үйымындағы немесе орындаушы үйымдағы қоюшы-режиссерлік жұмысты немесе репертуар белгілеуді шешетін лауазымды адамдармен авторлық сыйақы төлеу көзделетін шарттарды әрбір жоғары түрған үйымның арнаулы рұқсатымен ғана жасауға болады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 9 ақпанды
N 142 қаулысына
2 Қосымша

**Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасағаны үшін төленетін авторлық сыйақы
Ставкалары**

Бұйымдардың түрлері | Шекті тара. | Авторлық сый.
| лым нормасы | ақы ставкасы | (дана) | (ең төменгі
| | | | жалақығашақ. -
| | | | қандағы про. -
| | | | | центпен)

Кыш бұйымдар			
Үстелге	қойылатын	мұсін	(адамдардың
тұлғалары, хайуанаттардың мұсіндері)		500	160
Сәндік паннолар	500	240	
Сәндік сауыттар, құмыралар, кашполар	1000		140
Табақтар, тәрелкелер, кеселер, пиалалар, легендер	1000	80	
Шәй және ас ыдыстары,			шараптық
басқа да ыдыстардың жиынтықтары	500		және 230
Ағаш бұйымдар			
Үстелге	қойылатын	мұсін	(адамдардың
тұлғалары, хайуанаттардың мұсіндері)			
жеке мұсіндер	200	90	
топтама мұсіндер	100	130	
Сәндік табақтар, тәрелкелер,			сауыттар,
оюлы қобдишалар	200	160	
Сәндік паннолар	200	240	
Кішкене күбілер, баклажкалар, кубельцалар			
қобдишалар, сандықшалар	300	90	
Қасықтар, тұз сауыттары	500	70	
Әшекейлік бұйымдар			(алқа, түйреуіш,
білезік, ілмектер, түймелер)	300	60	
Сыбызылар, тұтіктер, қолтаяқтар, тұтқалар	500		60
Кебежелер, сандықтар, бесіктер, тақталар,			
Үстелдер мен ойыншықтар	50	450	
Қамшылар, аттың әбзелдері, қымыз			ыдыстар,
ожаулар, шаралар, тостағандар,			кеселері,
оқтаулар, қасықтар, шырағдандар,			табақтар,
ұршықтар, нан тақтайлар, дастархандар	100		160
Ескерту. Бұйымдарды механикалық жолмен жасағанда таралым нормасы 50 проценттен артады.			
Сабанмен безендірілген бұйымдар			
Сандықшалар, қабдишалар	200	120	
Сәндік тәрелкелер	300	60	
Сәндік паннолар	300	150	
Қарындаштар, қаламсауыттар	500		50
Металдан жасалған бұйымдар			

а) нәзік әшекейлі бұйымдар

Түйреуіштер, алқалар	100	50
Сырғалар, сақиналар, түймелер	200	30
Білезіктер, тоғалар, медальондар, алқалар	300	60
Бойтұмларлар, шашбаулар, шекеліктер	100	60
Шынжырлар	500	50
Білезік-шынжырлар	300	40

б) қалыппен дайындалған бұйымдар

Түйреуіштер, белдіктің тоғалары,		сырғалар,
сақиналар, шаш түйреуіштер, ілмектер	3000	80
Алқалар, білезіктер	2000	110
Түймелер	15000	60
Үстел шамдары, шамдалдар	1000	170
Шырағдандар, қабырғалық шамдар	1000	80
Қораптар, шақшалар, шілтерлер	3000	60
Бокалдар, кубоктар, құмыралар, шәйнектер,		
құмғандар, жайпақ табақтар,		нақышталған
паннолар	100	140
Темекі сауыттар, опа сауыттар, самса		
табақтар	5000	100
Қасықтар, пышақтар, шанышқылар	10000	140
Темекілік, жазулық, косметикалық және		
басқа да бұйымдар жиынтығы	3000	130
Зергерлік бұйымдар жиынтығы	3000	130
Медальдар, портреттік плакаттар	5000	460
Тағы басқа бұйымдар	15000	290
Портреттік белгішелер, жетондар, эмблемалар	5000	110
Тағы басқалар	15000	90
Үстелге қойылатын мүсін, адам тұлғасы	50	250
Хайуанаттар мүсіні	100	140
Сәндік паннолар:		
адам бейнелі	100	110
хайуанат бейнелі	200	90
әшекейлі	300	70

Шыбықтан, сабаннан, қамыстан, зығыр талшығынан

және басқа да заттардан тоқылған бұйымдар

Әйел қалташалары, кәрзеңкелер, әмияндар, нан
салғыштар, жеміс салғыштар, кәмпіт салғыштар 300 50

Қабырға	шамдары,	шамдалдар,	шырағдандар,
газет	салғыштар,	жайпақ	ыдыстар,
тұғырықтар		300	40
Сәндік	паннолар	(майлыштар,	перделер,
төсөніштер, кілемшелер)		500	70
Қобдишалар		300	50
Қуыршақтар, мал мүсіншелері		200	50
Оюланған	ұлттық	сыртқы	киімдер
шапандар, камзолдар, көйлектер)		50	130
сәүкелелер,	қалпақтар,	бөріктер,	тымақтар,
тақиялар		100	130
Қолмен тоқылған бұйымдар			
Торлы дастархандар	мен переде ілгіштер	100	40
Өрнектелген ерек және әйел тоқымалары:			
орташа	курделі	100	40
курделі	өрнекті	50	50
Әшекейленген		биялайлар, бөкебайлар, бөріктер,	
шұлықтар, орамалдар		100	30
Үлкендерге	немесе	балаларға	арналған
киімдердің	жынытығы	200	50
Блузкалар, селдір блузкалар		100	40
Әйелдердің	курделі өрнекті жакеті	50	50
Майлыштар, желбіреуіктер, жағалар		200	20
Сәндік паннолар		200	60
400-ге	дейін	инесі	бар жаккард машиналы
станокта		тоқылған	сәнді маталар,
дастархандар, жапқыштар, төсөніштер		3000	250
400-ден	астам	инесі	бар жаккард машиналы
станокта	тоқылған бұйымдар	2000	430
Майлыштар,	төсөніштер, жастық		тыстары,
сұлгілер,	орамалдар,	бөкебайлар,	жаулықтар,
сөмкелер	және басқа бұйымдар	5000	40
Белдіктер, галстуктар, белгі баулар		10000	30
Қолдан тоқылған, оюланған тұкті кілемдер		500	140
тақырыпқа құралғаны		300	430
Жаккардтық	және	акмистерлік	оюланған
кілемдер		1000	250
тақырыпқа құралғаны		500	430

Тоқыма	суретті	перделік,	жапқыштық
сәнді маталар		5000 м	60
Шыныдан, хрустальдан және фарфордан жасалған бұйымдар			
Түссіз	және	түрлі-түсті	шыныдан
гүл,	жеміс,	печене, кәмпіт	жасалған
бокалдар,		фужерлер, рюмкалар, стакандар,	
графиндер, құмыралар,	салат	ыдыстары	және
басқа да бұйымдар	5000	70	
Хрустальдан	және	қаптама	шыныдан
гүл, жеміс,	печене, конфет		жасалған
бокалдар,	фужерлер,	рюмкалар,	вазалары,
шишалары,	графиндер,	құмыралар,	майдаң
ыдыстары және басқа да бұйымдар	2000	90	
Үрленген	шыныдан	немесе	хрустальдан
жасалған мұсіндер	300	90	
Фарфордан	жасалған	құмандар,	кофе
құмандары,	кілегей	сауыттары,	кеселер,
вазалар,	кул	сауыттар	және
турмыс бұйымдары	5000	90	басқа да
Фарфор мұсіндер	1000	230	
Пластмассадан жасалған бұйымдар			
Ыдыс-аяқтар, құтылар, аспаптар	10000	90	
Сәнді табақтар, вазалар, тәрелкелер	5000	140	
Ұсақ-түйек галантерея	10000	60	
Үстелге қойылатын мұсіндер:			
хайуанаттар	3000	250	
бюстілер, адам тұлғалары	1000	500	
Былғарыдан, теріден және оның орнына қолданылар			
заттардан жасалған бұйымдар			
Жәдігерлік	ұлттық	бас	киімдер
киімдер		100	90
Қойын	дәптерлер,	блокноттар,	қаптамалар,
әмияндар		1000	60
Альбомдар,	бюварлар,	қалталар,	папкалар,
қобдишалар	300	120	
Балалардың ойыншықтары			
Механикалық ойыншықтар	500	250	
Электроникалық ойыншықтар	500	260	
Музикалық ойыншықтар	500	180	

Конструкторлар, ойлан-тап			оыйндары,
мозаикалар	1000	230	
Қуыршақ	мебельдерінің, ыдыс-аяқтарының,		
құрал-саймандардың,	құм	оыйнышықтардың	
жынтықтары	3000	210	
Қуыршақтар	1000	170	
Сылдырлақтар,	жануарлардың,		ертегілік
және әдеби	қаһармандардың,		фантастикалық
жәндіктердің тұлғалары	10000	90	
Қоларбашалар	5000	130	
Шырша ойнышықтары	5000	40	
Ойыншық	бильярдтар,	кеғельдер,	топай
оыйндары,	шығыршық	тастағыштар	және
басқа да спорттық жынтықтар	1000	90	
Үстел үстілік баспалық ойндар	500	90	
Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдар			
Үстел үстілік	мұсін	(адам	тұлғалары,
хайуанат мұсіні)			
жеке тұлғалар	300	90	
топтама тұлғалар	300	130	
Бижутериялар	(алқалар,		түйреуіштер,
ілмектер, түймелер)	300	50	
Мұштіктер,	стакандар,	кул	сауыттары,
жазу құралдары,	қағаз	қиятын	пышақтар
және басқалар	2000	80	
Тастан жасалған бұйымдар			
Күл сауыттар,	қобдишалар,	құмыралар,	жазу
аспалтары	және басқа	да	жәдігерлік
бұйымдар	1000	50	
Үстел үстілік	хайуанат	мұсіндері,	
паннолар және әшекейлер	1000	90	

Ескерту. Бұл қосымшадағы тізбеде сәндік-қолданбалы өнер туындыларының түрлері толық қамтылмаған. Тізбеде көрсетілмеген бұйымдарды көркемдік кеңес әрбір нақты жағдайда текстес шығармаларға орай бағалайды. Авторлық сыйақы мөлшерін белгілеуге негізгі өлшем ретінде өнер туындысының идеялық кемдік құны алынады. Осы қосымшада сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасағандығы үшін төленер қаламақының мөлшері белгіленген. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Шығармашылық жұмыс түрлерін орындағандығы үшін авторлық сыйақы мөлшерін белгілеудің тәртібі туралы

1992 ж. 19 наурыздағы N 262 қаулысына сәйкес авторлық сыйлықтың нақты шамасы авторлық шартта көрсетіледі және ең жоғарғы мөлшері шектелмейді.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 9 ақпандасы
N 142 қаулысымен
Бекітілген

Сәндік-қолданбалы өнер туындылары үлгілерін жасағаны және оларды өнеркәсіпте пайдаланғаны үшін авторлық сыйақы ставкаларын қолдау тәртібі туралы

Нұсқаулық

1. Бұл Нұсқаулықта сәндік-қолданбалы өнер туындылары үлгілерін жасағаны және олардың өнеркәсіпте пайдаланғаны үшін авторлық сыйақы төлеудің тәртібі мен шарттары белгіленеді.

2. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларына мыналар жатады: қоғамдық және жеке тұрмыстық қолданыс мәні бар, қолтума, шығармашылық жағынан дара жасалынған көркем бұйымдар мен көркем өндеуден өткен кәделік заттар (түрлі үй мұліктері, жиһаз, мата, киім, зергерлік бұйымдар, қыш, хрусталь, фарфор, шыны, кілем, әртүрлі әшекейлер, ойыншықтар және т.б.). Сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын өнеркәсіпте жаппай және қайталап шығару оларды көбейту болып табылады.

3. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларының үлгілерін жасау және оны өнеркәсіпте пайдалану (көбейту) суретші-автор мен сол сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары үлгілерін (меншік нысандарына қарамастан өнеркәсіпте пайдаланатын (көбейтетін) бірлестік, кәсіпорын мен үйым арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырады. Егер суретші автор (штаттағы суретші) сәндік-қолданбалы өнер туындыларының үлгілерін пайдаланатын (көбейтетін) бірлестікпен, кәсіпорынмен, үйиммен еңбек қатынастарында тұратын болса және мұндай үлгілерді жасау оның қызметтік міндетіне енетін болса, онда жоғарыда айтылған шарт жасалмайды.

4. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын өнеркәсіпте көбейту үшін авторлық сыйақы олар іс жүзінде көбейтілген жағдайда осы қаулыда белгіленген нормаларға сәйкес сәндік-қолданбалы өнер туындысының паспорты негізінде есептеледі.

5. Өнеркәсіпте көбейтуге арналған сәндік-қолданбалы өнер туындыларының Үлгілерін:

сәндік-қолданбалы өнер туындыларын шығару қызметтік міндетіне жататын

кәсіпорындар мен үйымдардың штатындағы суретшілер; штатта жоқ суретшілер - олардың кәсіпорындарымен (үйымдарымен) жасасқан шарттары бойынша жүзеге асырады.

Өзінің қызметтік міндетіне сәндік-қолданбалы өнер туындыларының үлгісін жасау кірмейтін кәсіпорын қызметкері оларды жасаған жағдайда, ол штаттан тыс суретші ретінде қаралады.

6. Кәсіпорынмен арадағы шарт бойынша сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасағаны үшін авторлық сыйақы олардың келешекте көбейтілетін-көбейтілмейтініне қарамастан төленеді.

7. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларының үлгілері өнеркәсіпте пайдаланылғаны (көбейтілгені) үшін авторлық сыйақы осы үлгілерді көбейтетін кәсіпорындар (үйымдар) штаттағы және штаттан тыс суретшілерге олардың алатын жалақысы мен сыйлығының түріне қарамастан төлейді.

8. Кәсіпорындар көбейтуге қабылданап алған сәндік-қолданбалы өнер туындыларын қарап, бекітуге өкілеттігі бар көркемдік кеңес мақұлдаған және бағасын берген әрбір сәндік-қолданбалы өнер туындысына паспорт толтырылады (ол Нұсқаулыққа қоса беріліп отыр).

9. Паспортты сәндік-қолданбалы өнер туындыларының үлгілерін көбейтетін кәсіпорын ресімдейді.

10. Паспортқа туындының көлемі 13-18 см суреті тіркелуі тиіс. Жекелеген реттерде туындының суреті орнына оның қолдан салынған суреті немесе оның өзінің фрагменті тіркелуі мүмкін.

11. Паспортты 4 дана етіп жасайды: біреуі - кәсіпорынға, екіншісі - Қазақстан Республикасының Авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігіне (ҚазМАСХА), үшіншісі - көркемдік кеңестің хатшысына беріледі, төртіншісі - автордың өзінде қалады. Туындыны штаттағы және штаттан тыс авторлар бірлесіп жасаған жағдайда, оның көбейтілгені үшін сыйақы штаттан тыс суретшілерге арналған тәртіп бойынша беріледі.

12. Қосар авторлардың қаламақыны өзара бөлісуі туралы келісім тікелей паспортта көрсетілуі мүмкін.

Паспортқа белгілі бір өзгеріс енгізілуі қажет болған жағдайда, оларды автормен кәсіпорын өзара жазба түрде ескертіледі де, белгілі тәртіппен қол қойылып, мөрмен күәландырылады.

Сонымен бірге паспортқа, егер қажет болса, паспортта көрсетілген туындының өнеркәсіптік үлгі ретінде тіркелмегендігі туралы кәсіпорынның анықтамалары қосақталады.

Егер сәндік-қолданбалы өнер туындылары болып танылған үлгілер Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысында белгіленген тәртіппен өнеркәсіптік үлгі ретінде тіркелген болса, оларға паспорт толтырылмайды және

олардың көбейгені үшін сыйақы төленбейді.

13. Көркемдік кеңес сәндік-қолданбалы өнер туындысының ұлгісін шығармашылық соны туынды деп танымағанымен, оны өнеркәсіпте көбейтуге рұқсат берген болса, оған паспорт толтырылмайды және оның көбейтілгені үшін авторлық сыйақы төленбейді.

14. Көркемдік кеңестің шешімі жөнінде талас-пікір туған жағдайда, сәндік-қолданбалы өнер туындыларының ұлгілерін бағалауды - Қазақстан Республикасы Суретшілері одағының көркемдік-сарап комиссиясы мүдделі министрліктердің, мекемелер мен ұйымдардың өкілдерін қатыстыра отырып, жүзеге асырады.

15. Осы қаулыдағы 2 қосымшада көрсетілген шамадан артық шығарылған туындыларға ақы бір немесе бірнеше қайталап көбейтілген ретінде төленеді. Туындының көбейтілуі белгіленген шамадан көбейтілуі кем болған жағдайда (толық көбейтілмеуі) сыйақы толық көбейтілгендей ретпен төленеді.

16. Сәндік-қолданбалы өнер туындылары ұлгілерін өнеркәсіпте көбейтуге арналған авторлық сыйақы авторларға бұйымның өзіндік құны есебінен төленеді. Авторлық сыйақыға кеткен шығын бұйым құнының есебіне кіреді.

17. Негізгі авторлық сыйақыны бір бірлестіктен, кәсіпорыннан, ұйымнан алған сәндік-қолданбалы өнер туындысы ұлгісі авторының осы ұлғіні пайдалануға (көбейтуге) ол алғашқы бірлестік, кәсіпорын, ұйымдар өнімнің белгіленген мөлшерін шығарып бітіргенше, егер алғашқы бірлестік, кәсіпорын, ұйымдар өнер туындысының ұлгісін өндіріске қабылдап алған күннен бастап 12 ай бойы пайдалануға (көбейтуге) кіріспеген жағдайда, өзге мекемеге беруіне хұқығы жоқ.

18. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын шығаратын кәсіпорындар бұйымдарды шығарғандығы жөнінде ҚазМАСХА-ға белгіленген тәртіппен мәлімет беруге міндетті.

ҚазМАСХА көбейтілу жайын ескере отырып, көбейтуді жүзеге асырып жатқан кәсіпорынның меншіктік нысаны мен қай мекемеге бағынатынына қарамастан, сәндік-қолданбалы өнер туындысы ұлгілерінің өнеркәсіпте көбейтілгендей үшін авторлық сыйақы төлеуді жүзеге асырады.

Авторлық сыйақы кәсіпорындардың Қазақстан Республикасының Авторлық және сабактас хұқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігіне тапсыратын мәліметтері бойынша, есепті кезең ішінде шығарылған бұйымның нақты мөлшері үшін, тоқсан сайын, келесі айдың 20-сына дейін есептелінеді.

19. Егер бір кәсіпорында көбейтілуге қабылданған сәндік-қолданбалы өнер туындысының ұлгісі кейін басқа бір кәсіпорындарда көбейтілсе, онда олар суретшіге кезекті көбейту үшін тиесілі авторлық сыйақы мөлшерін алғашқы көбейтуге төленген негізгі авторлық сыйақыны ескере отырып анықтауға

м і н д е т т і .

Бір кәсіпорын бұл үлгіні көбейтуді толық тоқтатып, үлгіні көбейтуді басқа бір кәсіпорынға тапсырған кезден басқа жағдайларда әртүрлі екі кәсіпорында шығарылған кемшін таралымдарды қосып есептеуге жол берілмейді.

20. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларының үлгілерін өнеркәсіпте пайдаланғаны (көбейткені) үшін есептелінген қосымша авторлық сыйақылар бірлестік, кәсіпорын, ұйым төлем тізіміне қол қойылғаннан кейінгі 10 күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасы авторлық және сабактас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі есебіне аударуы тиіс.

21. Штаттағы суретші жасаған үлгі - кәсіпорынның, ал штаттан тыс суретшінің - автордың меншігі болып табылады және ол пайдаланылып болған соң иесіне қайтады.

Сәндік-қолданбалы өнер туындысы үлгісінің авторы, егер ол үлгі қымбат металдан жасалынбаса яки оған асыл тастар орнатылмаса, сондай-ақ қымбатты мекхтардан әзірленбесе, көбейтілген үлгінің біреуін өндірістің өзіндік құнымен сатып алуға құқығы бар.

Сәндік-қолданбалы өнер туындысының ПАСПОРТЫ

Туынды үлгісінің суретші-авторының (косар автордың)
фамилиясы, аты, әкесінің аты-----
Штаттағы немесе штаттан тыс суретші-----

Суретші автордың адресі:-----
Туындының түрі және оның шартты атауы-----

Көбейту нормасы-----
Туындының үлгісін жасағаны үшін берілетін сыйақының мөлшері
Кәсіпорын бастығы Суретші автор

(Қолы) (Қолы)
Мөр
Көркемдік кеңестің аты мен оның тұжырымы-----

Протокол N-----" " ----- 199 ж.
Паспорт берілген кәсіпорынның аты-----
Кәсіпорынның адресі:-----

Қосымша: қолтуманың суреті
Көркемдік кеңестің тәрағасы
Х а т ш ы с ы :

(қолы)
(қолы)

		M	θ	p
Паспорттың	б е р і л г е н		күні:	
Паспорт 4 дана болып құрастырылған				
1	-	к ə с i п о р ы н		ұ ш i н
2	-	Қ а з М А С Х А		ұ ш i н
3	-	к ə р к е м д i к	к е н е с	ұ ш i н
4 - автор үшін				

13X18 см мөлшеріндегі қолтума суретті (фотосурет
сапасы жағынан анық болуы керек)
желімдейтін орын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК